**2021 жылғы 29-қарашадағы**
**кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының**
**№ 3ХАТТАМАСЫ**

Өткізу уақыты: 2021 жылғы 29-қараша
Қатысқандар саны: 31 педагог

Қатыспағандар саны: 0 адам

***Тақырыбы:*** «Сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалауын өткізу»
***Мақсаты:*** білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігіне объективті талдау және өзін-өзі бағалау беру.

***Талқылауға арналған мәселелер:***

1. 2017 жылдан 2021 жылға дейінгі жұмыс кезеңінде мектепке дейінгі мекеменің қызметіне толық талдау жүргізу.
2. Сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалауы үшін комиссияны бекіту.
3. Өзін-өзі бағалау жоспарын бекіту.

***Педагогикалық кеңес барысында:***

Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысының м.а. Г.С. Лебедева «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті, Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ 2021 жылғы 23 қарашадағы № 1-03/218 бұйрығымен таныстырды. Осы бұйрық негізінде балабақша 2022 жылғы қаңтарда мемлекеттік аттестаттауға жатады. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз ету үшін Галина Степановна ұжымды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен, Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 әдістемелік ұсынымдарымен таныстырды.

Мемлекеттік аттестациядан бұрын, біз барлық бағыт бойынша 2017 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде, 29.11.2021 жылдан бастап 29.12.2021 жылға дейін ұйымның өзін-өзі бағалауын жүргіземіз. Галина Степановна балабақшаның өзін-өзі бағалау үшін мына бағыттар бойынша комиссия сайлауды ұсынды:

- МДҰ-да білім беру сапасын басқару
- Оқу-әдістемелік қызмет, кадрлармен жұмыс (педагогтерді аттестаттау, инновациялық қызмет) педагог кадрлардың сапалық құрамы. Пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын құру ата-аналардың сауалнамасын талдау
- Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері (біліктер мен дағдылардың диагностикасы; МДҰ - да инклюзивті білім беруді және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру.
- МДҰ-да сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, МДҰ-да болу мен сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- Бес жыл ішіндегі материалдық-техникалық база динамикасы. Негізгі құралдар бойынша сатып алу. Педагогтар мен балабақша әкімшілігінің кандидатуралары ұсынылды. Комиссия мүшелерінің арасында функционалдық міндеттер бөлінді.

Галина Степановна комиссия мүшелерінің назарын бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде қорытындының ажырамас бөлігі болып табылатын және қорытындылар мен балабақшаның келесі бес жылға арналған даму перспективаларын қамтитын есеп жасайтындығын атап өтті.

Сканировано с CamScanner

Үшінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері О. Н.Жигалова сөз сөйледі, ол бекіту үшін балабақшаның өзін-өзі бағалау бағдарламасын ұсынды.

***2021 жылғы 29-қарашадағы***
***кезектен тыс педагогикалық кеңестің***
***ШЕШІМІ***

МДМ-де білім беру сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін объективті талдау және өзін-өзі бағалау мақсатында:
1. 2021 жылғы 29-қарашадан 2021 жылғы 29-желтоқсанға дейін "№ 3 сәбилер бақшасы" КМҚК өзін-өзі аттестаттаудан өткізсін, балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу туралы балабақша бойынша бұйрық шығарылсын.
2. Келесі құрамда комиссия бекітілсін:

| Т.А.Ә. | Қызметі | Комиссия құрамында | Бағыт |
|---|---|---|---|
| Г.С. Лебедева | с/бақшасы басшысының м.а. | Комиссия төрайымы | Жалпы басшылық, МДҰ-да білім беру сапасын басқару |
| О.Н. Жигалова | с/бақшасының әдіскері | Комиссия төрайымының орынбасары | Оқу-әдістемелік қызмет, кадрлармен жұмыс (педагогтерді аттестаттау, инновациялық қызмет) педагог кадрлардың сапалық құрамы. Пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын құру ата-аналардың сауалнамасын талдау |
| Ж.Х. Мустафина | Қазақ тілінде оқытатын әдіскер | Комиссия мүшесі | Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері (біліктер мен дағдылардың диагностикасы; МДҰ - да инклюзивті білім беруді және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру. |
| О.В. Бойко | Медбике | Комиссия мүшесі | ЖҚҚ сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, МДҰ-ға бару және сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. |
| Ю.А. Сниженко | Бас есепші | Комиссия мүшесі | Материалдық-техникалық базасы бес жыл ішінде),. Негізгі құралдар бойынша сатып алу. |
| А.О. Кабидуллина | Аудармашы | хатшы | Өзін-өзі бағалау шешімдерін тіркеу |

3.Комиссия 2021 жылғы 29-желтоқсанға дейін өз білімін жетілдіруді ұйымдастыруда білім беру қызметтерінің сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымы қызметінің тиімділігіне объективті талдау және өзін-өзі бағалау дайындасын.
4. 2021 жылғы 29-желтоқсанға дейін өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

С/бақшасы басшысының м.а.,комиссия төрайымы: Г.С. Лебедева
С/бақшасының әдіскері,комиссия төрайымынң орынбасары: О.Н. Жигалова
Қазақ тілінде оқытатын әдіскер, комиссия мүшесі: Ж.Х. Мустафина
Медбике, комиссия мүшесі: О.В. Бойко
Есепші, комиссия мүшесі: Ю.А. Сниженко
Аудармашы, комиссия хатшысы : А.О. Кабидуллина

Сканировано с CamScanner